

БӨЛІМ: ФИЗИКА

ҚМЖ. Түзусызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі жылдамдық және орын ауыстыру 9 сынып

ЖАРИЯЛАНДЫ
12.10.2020

СІЛТЕМЕ
<https://bilimgger.kz/82882/>

Ембергенов Жансұлтан

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: 9.1А Кинематика негіздері Күні: Класс: 9	Мектеп: Мұғалімнің аты-жөні: Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақ тақырыбы:	Түзусызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі жылдамдық және орын ауыстыру
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	9.2.1.6 түзу сызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі координата мен орын ауыстыру теңдеулерін есептер шығаруда қолдану
Сабақтың мақсаты:	<ul style="list-style-type: none"> • Координата мен орын ауыстыру теңдеулерін бір-бірінен ажырата білу; • түзу сызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі координата мен орын ауыстыру теңдеулерін есептер шығаруда қолдану;
Бағалау критерийі	<ul style="list-style-type: none"> — Бірқалыпты айнымалы қозғалысқа мысалдар келтіре алады. — Бірқалыпты үдемелі және теңкемімелі қозғалыстар арасындағы айырмашылық пен ұқсастықты біледі; — Координата мен орын ауыстыру теңдеулерін бір-бірінен ажырата біледі; — Түзу сызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі координата мен орын ауыстыру теңдеулерін есептер шығаруда қолдана алады.
Тілдік мақсаттар	<p>Терминология Жол — дорога, путь — road, way Траектория — қозғалыс ізі — trajectory Перемещение — орын ауыстыру — displacement Қозғалыс – движение- movement орташа жылдамдық — средняя скорость — average velocity координата — координата — coordinate <i>Арнайы пәндік лексика және терминология:</i> орын ауыстыру, бастапқы және соңғы жылдамдықтар, уақыт, үдеу <i>Диалог үшін пайдалы баянды сөйлемдер:</i> Жылдамдықтың уақытқа тәуелділік графигінен үдеу неғұрлым үлкен болса, түзудің көлбеулік бұрышы болады. Түзусызықты қозғалыстағы орын ауыстыру векторы модулі бірдей. Жылдамдықтың уақытқа тәуелділік графигінен график астындағы ауданды анықтасақ, ол береді.</p>
Құндылықтарды дарыту	Әдептілік ережесін бойына сіңірген, шығармашылық қабілеті мүмкіндігінше дамыған азамат тәрбиелеу. Өзгенің пікірін тыңдай білуге, жауапкершілікке баулу, теориядан алған білімін практикада ұштастыра білу
Пәнаралық байланыстар	Теңдеулерді шешу барысында математика пәнінен алған білімдерін қолданады

Бастапқы білім	Механикалық қозғалыстар және оның сипаттамасы. Бірқалыпты және бірқалыпты емес қозғалыстар. Жылдамдық. Жылдамдық бірліктері. Теңайнымалы қозғалыс	
Сабақ барысы		
Сабақ кезеңдері	Сабақта орындалуы тиіс іс — әрекеттер	Оқыту ресурстары
	2-сабақ	
Сабақтың басы 4 мин	1.Сыныппен амандасу, сыныпты тексеру, тазалығын қадағалау, класқа жағымды психологиялық ахуал туғызу; 2. Топқа бөлу: үдеу, жылдамдық, орын ауыстыру (<i>Кеспе қағаздардағы сұрақтарға жауап беру арқылы топқа бөлінеді</i>)	Кеспе қағаздар Қосымша №1

Сабақтың ортасы	<p>«Топтық жұмыс». Бағалау критерийі: «Түзусызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі жылдамдық пен орын ауыстыру»</p>	А3 форматындағы ақ қағаз, маркер, оқулық
10 мин	<p>1-топ. Жылдамдықтың уақытқа тәуелділік графигінен жүрілген жолды аудандар тәсілімен анықтау Дескриптор: — Жылдамдықтың уақытқа тәуелділік графигінен жылдамдық мәнін анықтайды; — Жылдамдықтың уақытқа тәуелділік графигінен уақыттың мәнін анықтайды; — Графиктің астындағы фигуралардың ауданын анықтайды; — Барлық фигуралардың аудандарын қосады.</p>	Қосымша №2
	<p>2-топ. Жылдамдықтың уақытқа тәуелділік графигінен жүрілген жолды формула көмегімен анықтау Дескриптор: — Жылдамдықтың уақытқа тәуелділік графигінен жылдамдық мәнін анықтайды; — Жылдамдықтың уақытқа тәуелділік графигінен уақыттың мәнін анықтайды; — Графиктің әр бөлігі үшін жүрілген жолды формула көмегімен анықтайды; — Жүрілген жол бөліктерін қосады.</p>	
	<p>3-топ. Берілген графиктерден қозғалыстың түрін анықтау. Дескриптор: — Жылдамдықтың уақытқа тәуелділік графигінен жылдамдықты анықтайды; — Жылдамдықтың уақытқа тәуелділік графигінен уақытты анықтайды; — Уақыт интервалдарына қарап, қозғалыстың түрін сипаттайды.</p>	
2 мин	<p>Өзін-өзі бағалау Топта талдайды және топ ішінде бірін-бірі бағалайды.</p>	
6 мин	<p>Сергіту сәті. Айна ойыны (Әп топтан 1 ер бала және 1 қыз бала тақтаға шақырылады. Ер бала қыз баланың, қыз бала ер баланың айнаға қарау сәтін қайталау керек.)</p>	
	<p>Жеке жұмыс 4-жаттығу, 8-есеп Дескриптор: — Жылдамдықтың проекциясын дұрыс анықтайды; — Үдеулерді анықтайды; — Жылдамдықтың уақытқа тәуелділік теңдеуін жазады; — Орын ауыстырудың уақытқа тәуелділік теңдеуін анықтайды.</p>	Оқулық
12 мин	<p>Бағалау (Әр топтан бір оқушы тақтаға шығып, үш түрлі тапсырманы орындайды.) Мұғалім тарапынан бағаланады.</p>	Қосымша №3
	<p>«Конверт-сұрақ» әдісі Құрылымы әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар орындау</p>	
	<p>Дескриптор: — Орын ауыстырудың формуласын дұрыс жазады; — Теңайнымалы қозғалыс кезіндегі жылдамдықтың формуласын дұрыс жазады; — Керекті шаманы табу үшін қажет формуланы қорытып шығарады; — Есептің мәнін дұрыс табады.</p>	
	<p>Мұғалім әр оқушыға жеке келу арқылы кері байланыс береді</p>	
		Қосымша №4
		Б. А. Қронгорт, С. М. Тезекеев (3.18, 3.22)
		Деңгейі жоғары оқушыға қосымша 5
		Б. А. Қронгорт, С. М. Тезекеев (3.49)

<p>Сабақтың соңы 4 мин</p> <p>2 мин</p>	<p>Жеке жұмыс Бағалау критерийі: Оқушылар түзусызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі жылдамдық пен орын ауыстырудың формулаларын біледі. Өзара бағалау (Оқушылар жұмыстарымен алмасып, бірін-бірі тексеріп, жұлдызшалар арқылы бағалайды) Рефлексия. «Бағдаршам» әдісі.</p> <p>«Қызыл түс» — Мен тапсырмаларды орындай алмадым, көңіл күйім жоқ; «Сары түс» — Мен тапсырмаларды сыныптастарымның көмегімен орындадым, көңіл күйім жақсы; «Жасыл түс» — Мен тапсырмалардың бәрін түсініп, жақсы орындадым, көңіл күйім керемет!</p> <p>Үйге тапсырма: §5. 4-жаттығу есептері</p>	<p>Кеспе қағаздар Қосымша №6</p> <p>Қызыл, жасыл, сары түсті стикерлер</p>
<p>Саралау - оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Бағалау - оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</p>
<p>Қарым -қатынас формалары негізінде саралау (топтық жұмыс) Сыныптағы қабілеті орта оқушылар жоғары қабілетті сыныптастарынан көмек алады, топтық жұмыстарға белсене араласады. Мақсат бойынша саралауда формулаларды қолданып есептеу жұмыстарын жасайды.</p>	<p>Тақырып «топтық жұмыс» бойынша ашылады және оқушылар таптардың постер қорғауына қарай 3 шапалақ әдісімен бағалайды. «Конверт-сұрақ» тәсілі қолданылған есептер шығару тапсырмалары дескриптор бойынша бағаланады.</p>	<p>Сергіту сәті мен топтық жұмыс кезінде қауіпсіздік техникасы ережелері</p>

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.